

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ
Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІ**



**Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР
МУЗЕЙІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ
2018 жыл бойынша**

Алматы, 2018

19 желтоқсан 2018

Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ ЕСЕБІ

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің қызметі музейдің басты миссиясын жүзеге асыруға бағытталған, ол Қазақстан Республикасының көркем мұраларын сақтау және кеңінен тарату. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық мәдениеттің, руханилықтың, тарихи әрі көркемдік мұраның құндылығы мен маңыздылығын атап көрсетеді. «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы». Елдің бай мәдени мұрасы мен көркемдік қазынасының басты сақтаушысы музейлер болып табылады. Олардың мақсаты ұлы түркі мәдениетінің үздік үлгілерін, көшпенділер мәдениетінің жетістіктерін, ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мұқият берілген дәстүрлерді дәріптеу және сақтау.

Миссияның сәтті орындалуы үшін музей өз қызметін келесі салаларда жүзеге асырады: коллекциялау, сақтау, ғылыми-зерттеу жұмысы, реставрация, әлемдік өнердің шығармаларын кең көрермендер аудиториясына насихаттау. Музейдің құрылымына сақтау және реставрациялау орталықтары, ғылыми бөлімдер, келушілермен жұмыс істейтін орталықтар (экскурсиялық және сыртқы байланыс), көрмелер мен экспозициялар орталығы, баспа бөлімі, техникалық қызмет көрсету және әкімшілік аппараты кіреді. Музей жанында қызмет істейтін екі бөлімше бар: Орталық көрме залы және Ә. Қастеевтің музей-үйі.

2018 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейімен жүзеге асырылды:

- Музей қорынан **екі ірі халықаралық көшпелі көрмелер**:
 - «Еуропа мен Азияның қиылысында: Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің коллекциясынан Қазақстан өнерінің жауһарлары», 16 маусым – 15 шілде, Ұлттық Арт-Клубы, Нью-Йорк, АҚШ.
 - ТҮРКСОЙ-дың қолдауымен «Ұлы Дала рухы», 14-24 қараша, Анкара, 26 қараша-10 желтоқсан, Бурса, Түркия.

- **Музейлік көрмелер – 63, олардың ішінде 18 халықаралық** (ҚР МӨМ – 38, олардың ішінде 14 халықаралық; в ОКЗ –25, олардың ішінде 4 халықаралық). Халықаралық жобаларда музей Германия, Израиль, Қытай, Ресей, АҚШ, Франциямен ынтымақтастық орнатты.
- **Жаңа түсімдер – 330 бірлік сақтау** (ККД-дан және сыйға берілгендер). Қордың жалпы саны 25 147 бірлік сақтау.



- 171 туынды **реставрацияланды** (қордан 131, 40 Қарағанды музейі үшін ақылы негізде).
- **Ғылыми каталогтың жарыққа шығуы** – Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Қазақстан кескіндемесі II том (Л-дан Т-ға дейін) (147 суретшінің 1172 туындысы).
- «Гиперкоммуникация дәуіріндегі музей: жаңа көзқарастар» тақырыбындағы **жыл сайынғы «Қастеев оқулары - 2018» музейлік ғылыми-практикалық конференциясы** (1-2 қараша), материалдардың шығарылымымен.
- **Экскурсиялар – 610.**
- «Әсем Әлем» Өнер академиясының аясындағы **дәрістер – 59** (оның ішінде 4 шетелдік сарапшылармен оқылды).
- **Келушілердің саны – 120 627 адам**
- **БАҚ-ғы музей туралы шыққан ақпараттар – 2 000 астам.**
- **Баспасөз конференциялары – 7, баспасөз турлары - 8.**
- **Музейлік тұрақты жобалар**, оның қатарында: Музыкалық вернисаж – 9, Музей түні (келу бойынша рекордтық – 7 000 адамнан астам), «Индиго» бейнелеу өнері студиясы, мектеп демалысы кезіндегі «Сиқырлы шам» бағдарламасы, шеберлік сабақтары, музейлік квесттер мен көптеген басқалары.
- **Әлеуметтік жобалар:** Аутизм диагнозы бар суретшілердің көрмесі (қаңтар, ОКЗ); Авторлық қуыршақтардың «Періштелер уақыты» атты халықаралық қайырымдылық көрмесі, аукцион саудасы науқас балаларға көмекке беріледі (ОКЗ, 14 қаңтардан бастап, 27-28 қаңтар); Дамуында ерекшеліктері бар және балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған «Рухани Шабыт» қазақ дәстүрлі өнерінің фестивалі (қыркүйек).
- **Инновациялық жобалар:** музеймен «Әсем Әлем жастар» атты балалар мен жасөспірімдерге арналған өнер тарихы мен дәуір музыкасының кешенді және практикалық сабақтары бар дәрістер курсы жасалды.

- Халықаралық және аймақтық ұйымдармен **ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қою** (ТҮРКСОЙ, «Құрманғазы ат. қазақ ұлттық консерваториясы» РММ, «Куратор» мәдени платформасы, Халықаралық «Астана» ғылыми кешені).
 - Президент Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауының негізгі ережелерінің екі мәтінін түсіндіру бойынша бірқатар іс-шаралар, сондай-ақ ҚР Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы : еңбек ұжымымен және шығармашылық зиялы өкілдермен кездесулер, негізгі ережелерді қозғау бойынша сөз сөйлеу, жарияланымдар, депутаттармен кездесу, «Нұр Отан» партиясының дөңгелек үстелдеріне қатысу – жыл бойына 5 іс-



шара.

- **Музейді жаңғырту жобалары:**
 - жәдігерлерді цифрлау;
 - электронды мәліметтер базасын құру бойынша жұмыс;
 - 3D мультимедиялық галереясы мүсіндердің 190 фотосуреттерімен толықтырылды;
 - музей жинақтары бойынша мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік тізілімге тапсыру (жылына 6 126 жәдігер), сондай-ақ қазақ тілінде (730 бірлік сақтау).
 - суретшілер қолтаңбасының деректер қорын қалыптастыру;
 - 3D-мүсін галереясы жобасының жұмысын жалғастыру, музейлік бейнероликті дайындау және таныстыру.
- **Музей қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдары – 44.**
- **Адами капиталды көтеру:**
 - **Музейлік тағылымдамалар** – Қазақстан бейнелеу өнері бөлімінің жетекшісі Мамытова С.М. Лондондағы тағылымдамасы, қыркүйек-қараша, реставратор Момбекова Ә., Санкт-Петербургтегі архитектуралық-мәдени мұра ревтаврациясы бойынша тағылымдамасы – 3 күн, маусым

- **Магистратура** – 2 қызметкер оқуда (Нүсіп, Қайырбекова), 2 қызметкер сәтті аяқтады (Танская, Акилбекова).
- **Тренингтер мен семинарлар:**
 - Заң ғылымдарының кандидаты Темірлан Болатұлы Төлегеновтың «Авторлық құқық мәдени кәсіпкерліктің негізі» тренингі – 15 қаңтар.
 - Ю. Каштелюктің «Өнер жайында жазудың өзі өнер» тренингі – 17



ақпан.

- Тибо да Ройтордың «Көрмені қалай жасайды» тренингі («Шекара» көрмесінің жетекшісі) – 22-25 қыркүйек.
- Өнер туралы заманауи әдебиетті шолу бойынша бірқатар музейлік семинарлар («Гараж» заманауи өнер орталығымен музейге сыйға берілген басылымдар) – жылына 6 семинар.
- **Дөңгелек үстелдер – 8:**
 1. Президент Жолдауын алға жылжыту бойынша дөңгелек үстел– 17 қаңтар 2018 ж.
 2. Дүниежүзілік фотография күніне арналған «Тұран» университетінің, Кино және телевидение академиясының өнертану профессоры, «Медеу» фотоклубының президенті В.Д Коренчуктың қатысуымен дөңгелек үстел – 19 тамыз.
 3. Қазақстан Гете-институтының «Шекара» көрмесі бойынша дөңгелек үстел – 20 қыркүйек шетелдік жетекшілердің қатысуымен.
 4. Дамуында ерекшеліктері бар және балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған «Рухани Шабыт» қазақ дәстүрлі өнерінің фестивалі, «Рухани шабыт» фестивалінің қорытындысы бойынша дөңгелек үстел - 4 қазан
 5. «Суретшіні өнер нарығында алға жылжыту: тиімділікке заң аясында қалай қол жеткізуге болады» дөңгелек үстелі – 18 қазан.
 6. Тұңғыш Президент Қорымен бірлескен жас суретшілердің «ЖасStar» көрмесі аясында дөңгелек үстел – 19 қазан.
 7. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша халықаралық дөңгелек үстел (Қазақстанның Белгілі 50 суретшісі) – 19 қазан.

8. РФ Консулы И.В. Переверзеваның қатысуымен орыс балетінің 200-жылдығына арналған халықаралық қуыршақтар көрмесінің ашылуы бойынша халықаралық дөңгелек үстел – 1 қараша.

- Автоматты газды өрт сөндіру жүйесін ауыстыру.

**«Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі» РМҚК 2018 жылғы
ҚАРЖЫ ЕСЕБІ**

ШЫҒЫН бабы	Жоспар	Нақты түсімдер	Нақты шығындар
Республикалық бюджет			
Еңбекақы	176 153,0	176 153,0	176 153,0
Сауықтыру өтемақы төлемдері	11 861,0	11 861,0	11 861,0
Әлеуметтік салық	9 545,0	9 545,0	9 545,0
Әлеуметтік бөлінген сома	5 649,0	5 649,0	5 649,0
Міндетті әлеуметтік сақтандыруға бөлінген сома	2 622,0	2 622,0	2 622,0
Басқа қорлар сатып алу	1 500,0	1 500,0	1 500,0
Байланыс қызметінің төлемі	1 232,0	1 232,0	1 232,0
Электр қуаты	13 809,0	13 809,0	13 809,0
Жылу	7 071,0	7 071,0	7 071,0
Су, кәріз жүйесі	618,0	618,0	618,0
Ғимаратты қамту және қызмет көрсету	7 018,0	7 018,0	7 018,0
Ел ішіндегі іссапарлар	1 693,0	1 693,0	1 693,0
Басқа шығындар	141 993,0	141 993,0	141 993,0
ҚОРЫТЫНДЫ:	380 764,0	380 764,0	380 764,0
Меншікті кірістер			
<i>01.01.2018ж. қалдық</i>	<i>3 570,7</i>		
Еңбекақы (сыйлықақы, сыйақы, мат.көмек)	15 000,0	25 100,0	25 100,0
Іссапар шығындары	2 000,0	5 200,0	5 200,0
Әлеуметтік салық	815,0	1 350,0	1 350,0
Әлеуметтік бөлінген сома	673,0	790,0	790,0
Басқа қорлар сатып алу	5 464,0	4 400,0	4 400,0
Негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу	2 000,0	800,0	800,0
Байланыс қызметінің төлемі	540,0	0,0	0,0
Электр қуаты	2 000,0	3 100,0	3 100,0
Жылу		4 800,0	4 800,0
Ғимаратты, үй-жайды қамту, қызмет көрсету	1 948,0	200,0	200,0
Басқа шығындар	11 870,0	830,0	830,0
ҚОРЫТЫНДЫ:	42 310,0	46 570,0	46 570,0
Республикалық бюджеттен:	жоспар	түскені	жұмсалғаны

автоматты газды өрт сөндіру жүйесін орнатуға	441 891,4	441 891,4	441 891,4
--	-----------	-----------	-----------

2018 жылға арналған республикалық бюджеттен **380 764,0 мың теңге** бөлінген көмекқаржы толық көлемде игерілді. Халыққа ақылы қызмет көрсетуден түсетін табыс **43 570,0 мың теңгені**, жоспар бойынша **42 310,0 мың теңгені** құрайды. 01.01.2018 жылғы жағдай бойынша қалған теңгерімді ескергенде, коммуналдық шығындарға, негізгі құрал-жабдықтардың ағымдағы жөндеу жұмысына және музей қызметкерлеріне сыйақы төлеуге өз есебінен **46 570,0 мың теңге** жұмсалды. Бұдан өзге, 423 бағдарламасы бойынша **441 891,4 мың теңге** бөлінген автоматты газды өрт сөндіру жүйесін орнату бойынша жұмысты аяқтау жоспарланып отыр.

ҚОР ЖҰМЫСЫ

Қазіргі кезеңде Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорының саны 25 421 бірлік сақтауды құрайды. Қор бөлімі 7 қызметкерден тұрады, әрқайсысы өзі жетекшілік ететін тақырыптық бөлім бар. Сақтау қоры, коллекцияның өзі секілді, өнер түрлері бойынша, сондай-ақ өңірлер мен көркем туындыларды жасау кезеңдері бойынша тақырыптық бөлімшелерге ие. Бөлім қызметкерлері әрдайым салыстырып тексеру, мұрағаттау, жұмыстарды алдын-ала тексеру және қалпына келтіруді қажет ететін жұмыстарды анықтау бойынша үнемі жұмыс жасайды. Уақытша және тұрақты экспозицияларға шығарылған жұмыстар қадағаланады, қорлар заттарды сақтаудың топографиялық орналастыру тәртібімен есепке алынады, жәдігерлерді суретке түсіру, түгендемелік сипаттамалар жасалады, есепке алу және сақтау жөніндегі құжаттама нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Музейдің ғылыми каталогтарын шығару дайындығына қор сақтау бөлімінің қызметкерлері қатысады. Бөлімдердің қызметі аясында реставрациялық кеңестер өткізіледі, қор-сатып алу комиссиясы өз жұмысын жүзеге асырады.

Жылдың басынан қор 330 туындымен толықтырылды, онда сыйға тартылғандар (128 жұмыс) және Көркемдік көрмелер дирекциясынан келіп түскендер бар. Жалпы саны бойынша 134 туынды негізгі қорға, 196 – қосымшаға (УСҚ келіп түскендер) қабылданды.

Осы жыл ішінде музей қорларын салыстырып тексеру жұмыстары жүргізілді – 9 мың жәдігер. Реставрация жасау қажеттілігін анықтау үшін шығармаларды профилактикалық тексеру – 1871 зат, 192 туынды реставрацияға берілді.

Қазақстан Республикасының музей құндылықтарының тізілімі (ҚР Ұлттық музейі базасында) және Бірыңғай Мемлекеттік каталогын қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тізімге музей заты бойынша келесі мәліметтер енгізілді: автор, атауы, шығарылған күні, техникасы, өлшемі, түгендемелік сипаттамасы, музей затының сақталуы сипаттамасы, дереккөз және түсу жылы, құны, фото. Дайындалған файлдар ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне жіберілді. 2018 жылы берілген мәліметтер 6 126 бірлік сақтау, оның ішінде 730 – қазақ тілінде.

550 фотосуреттер жазылды. Қор сақтау қызметкерлері мен ғылыми қызметкерлермен бірлесіп ғылыми каталогты шығаруды дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Сандық жүйеге көшіру аясында келесідей жұмыстар атқарылуда:

- Электронды мәліметтер базасын құру бойынша жұмыс – жүйені дайындау, көпшілікке он-лайн қол жетімді болатын бірыңғай электронды каталогты құру және сақтау үшін бірыңғай серверді құру
- 3D мультимедиялық галереясы 190 мүсін шығармаларымен толықтырылды, сол үшін 8 мың кадрға бөлу жасалған болатын



Реставрациялау кеңесінің мәжілісінен

Реставраторлардың жұмысының арқасында, көркемдік туындылар екінші өмірге ие болады. 2018 жылы 171 туынды реставрацияланды, соның ішінде: кескіндеме – 28, графика – 53, металл, тері – 12, жұмсақ құрал-сайман – 11, мүсін – 27, сондай-ақ Қарағанды бейнелеу өнері музейінің ақылы негіздегі 40 шығармасына қызмет көрсету.

Практикалық реставрация тек шығармаларды сақтау мен қалпына келтіру ғана емес, сонымен қатар ғылыми реставрациялық құжаттаманы, жұмыстың фотоны жазып алу кезеңдерін, заттың сақталу жағдайын сипаттауды енгізу, профилактикалық тексеру жүргізуден тұрады.

Музей реставраторлары тұрақты түрде кеңестер беріп, тәжірибелерімен бөлісіп тұрады, практиканттарды, тағылымгерлер мен музей мамандарын, Қазақстанның облыстық музейлерінен келушілерді оқытып отырады.

ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТ

2018 жыл бойынша статистикалық мәліметтер

Ғылыми каталогтардың басылуы мен шығуы – Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан Қазақстан кескіндемесі II том (Л-дан Т-ға дейін) (147 суретшінің 1172 туындысы)

Осы жылғы ғылыми жарияланымдардың жалпы саны - 45

**Ғылыми конференцияларға қатысу
(халықаралықты қосқанда) - 28**

Ғылыми сараптамалық қорытынды дайындау – 77:

- Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі – 21
- Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері бөлімі – 12
- Шетел өнері бөлімі – 16
- Өзге қызметкерлер – 28

Жәдігерлерге ғылыми сипаттама - 196:

- Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі – 129
- Шетел өнері бөлімі – 67

- Кураторлық көрме жобалары:

- Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі – 13
- Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері бөлімі – 7
- Шетел өнері бөлімі – 12
- Насихат және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі – 9
- Менеджмент және сыртқы байланыс орталығы – 9

Музейдің ғылыми қызметі музей коллекциясының тақырыптық бөліктерге бөлінген ғылыми бөлімдерімен жүзеге асырылады: Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі, Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері бөлімі, шетел өнері бөлімі. Мамандар музейдің ғылыми каталогының жұмысын жүзеге асырады, музейлік конференцияларға қатысады, ғылыми жарияланымдар дайындайды, музей атрибуциясын іске асырып, музей сараптамасымен жұмыс істейді. Жұмыс барысында олармен музей жәдігерлерінің сипаттамасы, картотекалар жүргізіледі, суретшілердің өмірбаяндық мәліметтерімен жұмыс жасалады, музей экспозициясының уақытша және тұрақты көрмелері бойынша жетекшілік жұмысы атқарылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты музей коллекциясын зерттеу және суретшілер мен кезең туралы құжаттық мәліметтер жинау, атрибуция бойынша зерттеу жұмысына кірісу, жиналған мәліметтерді қорыту. Теориялық зерттеулер жарияланымдар мен таралатын басылымдар, конференциялардағы баяндамалар түрінде практикалық түрде жүзеге асырылып, сондай-ақ экскурсиялар, дәрістер мен әдістемелік әзірлеме дайындауда қолданылады. Музейдің ғылыми-зерттеу қызметіне Ғылыми кеңес жетекшілік етеді, оның басты мақсаты мемлекеттік өнер музейінің ғылыми қызметін жетілдіру, сонымен қатар Қазақстан мен шетелдің әлеуметінің ғылыми, шығармашылық және педагогикалық байланыстарын нығайту және кеңейту.

Музейдің ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі музей қорлары секілді, музейдің сараптама кеңесінің жұмысы аясында жеке жинақтардағы туындылардан, құрамына музейдің тәжірибелі ғылыми қызметкерлері кіретін сараптау мен көркемдік туындылардың атрибуциясы болып табылады. 2018 жылы музейдің сараптау комиссиясы 77 сараптау қорытындыларын дайындады.

Қызметкерлердің міндетіне сондай-ақ экскурсиялар мен дәрістер дайындау әрі өткізу, экскурсиялар мен дәрістер өткізу үшін ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу, өзінің ғылыми әрі кәсіби деңгейін көтеру кіреді.

Ғылыми бөлімдер музей жинағының каталогтарымен жұмыс жасайды:

- Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі Қазақстан кескіндемесінің II томын жарыққа шығарды;
- Шетел өнері бөлімі бес каталогпен жұмыс жасауда: орыс өнері, Қытай өнері, кеңес баспа графикасы, иетаңба, кеңес өнері (кескіндеме, мүсін, СҚӨ).

МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ

№	Автор	Мақаланың атауы	Басылым түрі	Библиографиялық мағлұматтар
1.	Шалабаева Г.К.	Қазақстан кескіндемесі каталогы – II том: кіріспе мақала	Музейдің ғылыми каталогы	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ. Қазақстан бейнелеу өнері. Кескіндеме. I том (Л-Т). – Алматы, 2018. – 7-17-бб.
2.	Шалабаева Г.К.	Государственный музей искусств РК им. А. Кастеева в эпоху гиперкоммуникации	Ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар»
3.	Шалабаева Г.К.	Национальная самоидентичность сквозь призму исторического жанра	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
4.	Көбжанова С.Ж.	Диалоги с Россией	Ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар»
5.	Көбжанова С.Ж.	XXI век. «Инновации» в искусстве Казахстана	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
6.	Көбжанова С.Ж.	Амангелді Кененбаев	Суретшінің шығармашылық каталогы	Кіріспе мақала

7.	Резникова Е.	Современное искусство Казахстана и классическое наследие: диалог или противостояние. К постановке вопроса.	Конференция материалдарының жинағы	Заманауи өнердегі классикалық (емес) музыка: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары / Ред. Р.К. Джуманиязова, В.Е. Недлина. – Алматы: Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясы, 2018. – 115-122-бб.
8.	Резникова Е.	Экзотический мир Ханта Слонема	Көрме каталогы	Көрме каталогы: кіріспе мақала – Алматы, Астана, 2018.
9.	Резникова Е.	Реализм как творческий метод и художественный стиль в изобразительном искусстве Казахстана	Ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар»
10.	Резникова Е.	Шығыс Қазақстан обл. республикалық пленэр	Көрме каталогы	Кіріспе мақала
11.	Резникова Е.	За гранью черного куба. О международной выставке «Граница» (Гете-институт)	Он-лайн-мақала	Гете институтының Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ-дегі халықаралық жобасы
12.	Жадайбаев Ә.Ж.	Предпосылки и зарождение портретного жанра в Казахстане в конце XIX - начале XX века. Проблемы генезиса жанра	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
13.	Мамытова С.М.	Ә. Ысмайылов графикасы	Ғылыми журнал	«Қазақстанның ғылыми мен өмірі» журналы – 2018. - №3(58). – 109-112-бб.
14.	Ақышева Г.А.	День Победы в музее А. Кастеева	Ғылыми журнал	Журнал «Простор» №5, 2018
15.	Әбілдаева Л.О.	Әлемдік музей ісіндегі қор өңдеу бағдарламалары мен оның маңыздылығы	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
16.	Әли Ғ.	Қанафия Телжанов кескіндемесінің стилистикалық ерекшеліктері	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар

				жинағы
17.	Жұбанова Г.	Қазақстан мүсін өнеріндегі Н.Далбайдың шығармашылығының көркемдік шешімдері	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
18.	Ажарова Н. Жұмабекова Г.	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ жинақтамасындағы қазақ кілемдері	Альбом (буклет)	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
19.	Ажарова Н.	Кешендік ғылыми-этнографиялық экспедицияның Алтай Республикасындағы материалдары бойынша	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
20.	Жұмабекова Г.	Қазақтың зергерлік өнерінің қалыптасу тарихы мен мән-мағынасы	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
21.	Жұмабекова Г.	Қазақ әйелдерінің ұлағат болған ұлттық киімдері	«Қастеев оқулары» конференциясына мақала	ГМИ РК им. А. Кастеева
22.	Жұбаниязов а Г.Қ.	Қазақ көркем тоқу өнерінің қалыптасуы мен дамуы	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
23.	Жұбаниязов а Г.	Теріден жасалған бұйымдардың көркемдік-өрнектік ерекшеліктері (Жарғақ тон)	«Қастеев оқулары» конференциясына мақала	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
24.	Баженова Н.	«Казакское традиционное ткачество» Форум аясындағы конференция	Махатма Гандидің 150 жылдығына (1869-1948) арналған Қазақстан мен Үндістан мәдениеті фестивалі "Иру өнері – өмірдің образы» "The Art of Weaving – the Way of Living"	1-2 қараша “Алтын Емел” қонақүйінің конференц-залы “Қазақстан” қонақүйі, Достық, 52/2 Алматы
25.	Баженова Н.А.	Казахские ковровые изделия как	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ

		незаменимый атрибут кочевой культуры		қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
26.	Сырлыбаева Г.Н.	Михаил Гайдукевич: Өзіміздікі ме, өзгенікі ме? Семей – Мәскеу – Ташкент – Алматы – Москва. 1920-1930-жылдар	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ еңбектері. II. – Алматы, 2018. – 82-98-бб.
27.	Сырлыбаева Г.Н.	«Мне снится прошлое. В виденьях полусонных встает забытый мир...» Картина А. Васнецова «Отзвуки минувшего» в коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева	Қастеев оқулары	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникация дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар» – Алматы, 2018. – 81-87 б.
28.	Сырлыбаева Г.Н.	Украинский период в биографии Александра Риттиха – время творческого становления, адаптации к новым историческим условиям. 1917-1929.	Жинақ	Памятники истории и культуры Казахстана. Вып. 13. Сборник Казахского Общества охраны памятников истории и культуры. – Алматы, Казахстан, 2017. – с. 107-118.
29.	Сырлыбаева Г.Н.	Новая встреча с творчеством театрального художника Всеволода Теляковского	Жинақ	Вестник архивной службы города Алматы. №2(21), 2017. – с. 16-19.
30.	Сырлыбаева Г.Н.	Портреты неизвестных русских художников. Кіріспе мақаланың авторы және каталогты құрастырушы	Каталог	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ, 2018. – 40 с. с ил.
31.	Копелиович М.М.	Жанр «хуа-няо»- «цветы и птицы» в произведениях Китая из коллекции Государственного музея искусств РК им. А. Кастеева	Музей еңбектері	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қызметкерлерінің ғылыми мақалалар жинағы
32.	Копелиович М.М.	Вопросы атрибуции. Тханка «Манджушри Яб-Юм».	Жинақ	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци

				дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар» - Алматы, 2018, 88-95 бб.
33.	Айдарбек А.	Произведения П. Кузнецова в собрании ГМИ РК им. А. Кастеева	Дайындық Жинақта жариялау	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар» – Алматы, 2018. – с. 103-111.
34.	Танская О.А	Музейная педагогика в эпоху гиперкоммуникации. Квест как новая форма музейного досуга	Қастеев оқулары	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар» - Алматы, 2018.
35.	Танская О.	«Типологизация современного уличного искусства в городской среде Казахстана»	Международный научно-популярный журнал «Наука и жизнь Казахстана»	Публикация №3 (58) 2018
36.	Танская О.	«Гравюры»	Научный каталог аукционного дома Бонарт	Кіріспе мақала
37.	Исабаева К.К.	Астана – ашық аспан астындағы мүсін мұражайы	Ұлттық музейдің ғылыми мақалалар жинағы	
38.	Исабаева К.К.	Скульптура как отражение современности в пространстве Астаны	Қастеев музейінің ғылыми мақалалар жинағы	Қастеев оқулары-2018 жинағы
39.	Исабаева К.К.	Мир сказок Братьев Гримм	Журнал «Простор»	Наурыз 2018
40.	Исабаева К.К.	Сказка как первоисточник языка народов	Журнал «Мысль»	Наурыз-сәуір 2018
41.	Исабаева К.	«Возвращение к древу» Вячеслава Люй-Ко	Журнал «Простор»	қыркүйек 2018 жыл
42.	Исабаева К.К.	Буйство красок Гульжамал Тагеновой	Журнал «Мысль»	қазан 2018 жыл http://mysl.kazgazeta.kz/?p=12038
43.	Исабаева К.	Дух Великой степи	Журнал «Мысль»	қараша 2018 жыл

44.	Исабаева К.	Интегрируясь в мировое искусство	Журнал «Простор»	қазан 2018 жыл
45.	Мамытова Г.М.	Анимация как отдельный вид искусства	Жинақ	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар» - Алматы, 2018, 88-95 бб.

КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА, СЕМИНАРЛАРҒА, ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСУ

№	Баяндаманың атауы	Конференцияның атауы	Өткен уақыты мен орны
1.	1. Шалабаева Г.К. Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі: Музей – өнер тарихының айнасы»	Forum of Silk Road International Alliance of Art Museums and Galleries	19-23 маусым, Пекин, Қытай
2.	2. АҚШ және Қазақстан арасындағы мәдениет салсындағы ынтымақтастық перспективалары жайында дөңгелек үстел	«Еуропа мен Азияның қиылысында: Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ коллекциясының жауһарлары» көрмесі аясында	Ұлттық арт-клуб, Нью Йорк, АҚШ 19 маусым
3.	3. Мамытова С.М. 1. Дөңгелек үстелде «М. Қисамединовтің графикасы» баяндамасымен сөз сөйлеу	«Жүргенов оқулары» аясындағы дөңгелек үстел ҚазҰӨА-ғы ғылыми апталық	11 сәуір, 2018 Т.Жүргенов ат. ҚазҰӨА
4.	4. Мамытова С.М. 1960-жылдардан бүгінге дейінгі Қазақстан графика өнерінің дамуындағы тенденциялар мен проблемалар» тақырыбында постерлік баяндамаларконкурсында сөз сөйлеу. 2 орын	«Жүргенов оқулары» аясындағы дөңгелек үстел ҚазҰӨА-ғы ғылыми апталық	12 сәуір, 2018 Т.Жүргенов ат. ҚазҰӨА
5.	5. Мамытова С.М. Мақала: М. Қисамединов графикасындағы бейнелердің жазылу ерекшеліктері	«Қастеев оқулары-2018» ғылыми-практикалық конференциясы	Қараша, Ә. Қастеев ат. ҚР өнер музейі
6.	6. Резникова Е.И. Современное искусство Казахстана и классическое наследие: диалог или противостояние. К постановке вопроса	(Не)классическая музыка в современном искусстве: Материалы	25-27 сәуір 2018

		междунар. науч. конф., Нац. Консерватория им. Курмангазы	
7.	7. Резникова Е.И. Реализм как творческий стиль и художественный метод в живописи Казахстана	Кастеевские чтения-2018	1-2 қараша 2018
8.	8. Резникова Е.И. Актуальна ли живопись сегодня?	Дөңгелек үстел «Суретшінің өнер нарығында өзін-өзі қамшылауы: заң аясында нәтижеге қалай қол жеткізуге болады»	18 қазан
9.	9. Сырлыбаева Г.Н. Алмаатинская сюита Сергея Калмыкова. 1941-1945 годы	Тарих. Жады. Адамдар. IX халықаралық ғылыми-практикалық тарихи конференция. Қазақстан халықтарының ассамблеясы, ҚР Президентінің мұрағаты, «Мицва» қауымдастығы	27 қыркүйек 2018 ҚР Президентінің мұрағаты
10	Сырлыбаева Г.Н. Молчат ли музы, когда пушки говорят? Первый в Казахстане музей искусств в годы Великой Отечественной	Сонда	27 қыркүйек 2018 ҚР Президентінің мұрағаты
11.	Сырлыбаева Г.Н. Мне снится прошлое. В виденьях полусонных встает забытый мир...» Картина А. Васнецова «Отзвуки минувшего» в коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева	Қастеев оқулары-2018	ҚР МӨМ. 1-2 қараша
12.	Вологодская В.А. «Коллекция произведений П.В. Кузнецова в собрании ГМИ РК им. А. Кастеева»	Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2018» музей конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музей: жаңа көзқарастар»	1-2 қараша 2018 жыл Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
13.	Вологодская В.А.	Орталық Азиядағы мәдениетті басқару жөніндегі жыл сайынғы халықаралық форум	27-28 қараша 2018 Қазақстан қонақ үйі

14.	Омарова Е.	Орталық Азиядағы мәдениетті басқару жөніндегі жыл сайынғы халықаралық форум	27-28 қараша 2018 Қазақстан қонақ үйі
15.	Омарова Е. Изучение литературного наследия Сергея Ивановича Калмыкова и интерпретация его живописных произведений	Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2018» музей конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникация дәуіріндегі музей: жаңа көзқарастар»	1-2 қараша 2018 жыл Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ
16.	Әбілдаева Л.О. Бағдарлама аясында зиялы қауыммен кездесу, <i>тыңдаушы</i>	Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру	ҚР Ұлттық кітапханасы
17.	Әбілдаева Л.О. Баяндама. Ғылымнан шабыт алған өнер	Santo фармацевтикалық компаниясының конкурсы бойынша суретшілермен кездесу	ҚР Ә. Қастеев ат. өнер музейі
18.	Әбілдаева Л.О. Орталық Азия халықтары мәдениеттерінің диалогы, пікір айту	Алматы халықаралық мәдени форумы	
19	Әбілдаева Л.О. Музей және келуші: коммуникациялық әдістер	«Қастеев оқулары-2018» ғылыми-практикалық конференция	ҚР Ә. Қастеев өнер музейі
20.	Жұбанова Г.А. Мүсінші Ө. Шановтың шығармашылығындағы әйелдер образының көркемдік тәрбиелік маңызы	«Қастеев оқулары-2018» ғылыми-практикалық конференция	ҚР Ә. Қастеев өнер музейі
21.	Жұмабекова Г. Баженова Н.	Халықаралық конференция. «Үндістан 7.0: Тарих және жаңғыру»	27 ақпан 2018 ж. Конференц зал “Алтын Емел” Қазақстан қонақ үйі Достық 52/2 Алматы
22.	Жұмабекова Г.	Конференция. «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананың жаңғыруы» қазақ әліпбиінің латын әліпбиіне көшуі	АУЭС. Байтұрсынов, 126
23.	Баженова Н.А. «Казахское традиционное ткачество» В рамках круглого стола:	Евразиялық ғылыми форум «Үлкен еуразиялық	22-23 қараша Санкт-Петербург Ресей-Қытай бизнес-

	«Традиционная культура народов Большой Евразии и гуманитарные основы региональной интеграции: философские, искусствоведческие, социологические, психологические, педагогические аспекты»	серіктестік: кеше, бүгін, ертең»	паркі (Васильевский аралы, Большой пр., д. 103. Ленэкспо, павильон 6,8
24.	Исабаева К.К. Делегат, журналистикадан шеберлік сабақтары	Eurasia Media Forum	22-24 мамыр 2018 ж.
25.	Исабаева К.К. Астана – ашық аспан астындағы мүсін мұражайы	Астана – Еуразия кеңістігіндегі жаңа астана	29 маусым 2018 ж.
26.	Исабаева К.К. Скульптура как отражение современности в пространстве Астаны	Қастеев оқулары-2018	1-2 қараша 2018 ж.
27.	Мамытова Г.М.	Анимация как отдельный вид искусства	«Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағы «Гиперкоммуникаци дәуіріндегі музейлер: жаңа көзқарастар» - Алматы, 2018, 88-95 бб.

МУЗЕЙДІҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРЫНА ҚАТЫСУ

№	Жобаның атауы мен дәрежесі (халықаралық, ұлттық, салалық, аймақтық, жегілікті)	Серіктестері	Жеке қатысу түрі мен зерттеу тақырыбы	Іске асу түрі	Қатысу кезеңі
1.	1. Каталог «Қазақстан бейнелеу өнері. Кескіндеме». 2 -том (Л-Я)		Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі		Жыл ағымында
2.	2. «Қазақстан акварелі»		Әбілдаева Л.О. Концепциясын жазып, сметасын дайындады		1-жарты жылдық
3.	3. Жас суретшілердің халықаралық конкурсы. «Энергия. Жастық. Өнер» шығармашыл жастар халықаралық фестивалі «ЖасSTAR-2018»	ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры	Мамытова С.М. Жобаның концепциясын жазды, жобаның бірлескен жетекшісі, көрме каталогын	2 сатылы конкурс, көрме, каталог	Наурыз - қараша

			құрастырушы			
4.	4.	Монуменалдық мүсіннен «Ғылым мен өнер коды» жобасы	Фармацевтикалық компания Santo	Мамытова С.М. - Жанна Мәмбетоваға байланыс мәліметтерімен мүсіншілердің тізімін жасау (50 шақты)	Көрме	1-2-жарты жылдық
5.	5	«Әлеуметтік инновациялардан қоғамды модернизациялауға, әлеуметтендіруге және дамытуға дейін». «А-museum» ҚҚ жобасын жетілдіру – Даму ерекшелігі бар жандар мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне арналған «Рухани Шабыт» дәстүрлі қазақ өнері фестивалі		Жұмабекова Г.М. Жұбаниязова Г.. Баженова Н.А.	Жобаны дайындау, әлеуметтік идеялар мен жобаларға арналған өтінімдерді толтыру. Жобаны қорғау. Жоба концепциясын құруға қатысу	Ақпан – наурыз
6.	6.	«Көктем әуені». Қазақстанның заманауи сәндік-қолданбалы өнері көрмесінің жобасымен жұмыс	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ қорынан	СҚӨ бөлімі	Концепция жасау, толықтыру, монтаж	

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ

№	Оқу түрі (семинарлар, вебинарлар, шеберлі сабақтары, курстар және әдістемелік көмек алу)	Курстың атауы	Өткен орны	Өткен уақыты	
1.	1.	Мамытова С.М. Он-лайн лекцияға қатысу	«Биографиялық тарихнама әлеміндегі адам тұлғасы» Лиманская Людмила	Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА	13 сәуір

		Юрьевна, РГГУ, Мәскеу		
2.	2.	Мамытова С.М. Ғылыми тағылымдама	«Museum in the 21 st Century» (XXI ғасырдағы музей)	London School of Business and Finance 25 қыркүйек – 25 қараша
3.	3.	Вологодская В.А. «Авторлық құқық мәдени іскерлің негізі»	«Әсем әлем» өнер академиясы .Төлегенов Т.Б.	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ 15.01.2018 ж.
4.	4.	Вологодская В.А. Тренинг под руководством художественного критика Тибо де Ройтера (Берлин). Сертификат	«Көрмені қалай жасау керек?» Гёте-Институттың «Шекара» халықаралық көрме жобасы аясында	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ 21-25.09. 2018 ж.
5.	5.	Омарова Е. Шеберлік сабағы	«Бейнелеу өнеріндегі жобаларға арналған цифрлық технологиялар»	МУИТ 23.10.2018 ж.
6.	6.	Айдарбек А. авторлық құқық жайында шеберлік сабағы (Темірлан Төлегенов)	«Әсем әлем»	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ 15 қаңтар
7.	7.	Айдарбек А. «Өнер жайлы жазудың өзі – өнер» шеберлік сабағы	«Әсем әлем»	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ 17 ақпан
8.	8.	Танская О.	Магистратураны ойдағыдай тәмамдады	Маусым

МУЗЕЙДІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ІРІ ЖОБАЛАРЫ

ҚР МӨМ шет елдердегі көрмелері

2018 жылғы ең маңызды жобалардың ішінен АҚШ-та және Түркияда өткен – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын және «Жаһандық әлемдегі қазіргі Қазақстан өнері» шаралар кешеніне кіретін екі көрмені атап өту керек.

“At the crossroads of Asia and Europe: 20th century masterpieces from the Kasteyev State museum of arts in Kazakhstan” экспозициясы Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ коллекциясынан алынған Қазақстан қылқалам шеберлерінің ең үздік туындыларын Америка жұршылығының назарына ұсынды. 18 маусымнан 15 шілде аралығында АҚШ пен Қазақстан арасындағы мәдени ынтымақтастық перспективалары жайында халықаралық дөңгелек стол өтті, 23 экскурсия жүргізілді. Көрме БАҚ-та кеңінен тарап, жалпы саны 56 рет эфирге шықты: ТВ, газет, журнал, радио, электрондық ақпараттық порталдар. «New York Post-та» үлкен мақала жарияланды.




Екінші маңызды оқиға – биылғы жылы қараша-желтоқсан айларында Түркияның екі қаласы – Анкара мен Бурсада өткен көрме болды. Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ өз қорынан Түркияда көшпелі көрме өткізуге бастама жасады, бұл бастамаға үстіміздегі жылы өзінің 25 жылдығын атап өткен ТЮРКСОЙ-дың бас офисі қолдау көрсетті. Көрменің концепциясы Нұрсұлтан Әбішұлының Қазақстанды «түркі әлемінің бесігі» атаған мақаласында айтылған идеяларға үндес келеді. Түркі әлемінің өзара табысты әрекетінің маңызын сезіну мәдени ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін жобалар жасауға қозғау салады. Қараша айының ортасында Анкара қаласында Президенттің «Ұлы дала рухы» мақаласымен аттас болып шыққан көрме ашылды. Экспозиция музей коллекциясындағы Қазақстан өнерінің көрнекті шеберлерінің туындылары мен қазіргі кездегі суретшілерінің жұмыстарын біріктірді.



ҚР МӨМ қорынан Қазақстан кескіндемесі каталогын шығару

2018 жылғы маңызды оқиғалардың бірі – 147 Қазақстан суретшісінің 1172 картинасын қамтыған Қазақстан кескіндемесі каталогының екінші томы (Л-дан Т-ға дейін) жарыққа шықты. Екінші томды жарыққа шығаруға бес жылдан бері Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ Қамқорлық кеңесінің құрамында келе жатқан Қазақстандағы KPMG компаниясы бұл жолы да қолдау көрсетті.

Таныстырылым бағдарламасында бірнеше іс-шара атқарылды: музейдегі Қазақстан кескіндемесі жайлы жаңа ролик бірінші рет ұсынылды; сүйікті картинаны таңдауға он-лайн дауыс берудің қорытындысы шықты, көрермендерге өздеріне ұнаған картиналарына «Жан біткен картиналар» перформансы өткізілді. Музей коллекциясынан Қазақстан кескіндемесі каталогының үшінші томын шығару 2019 жылдың жоспарына қойылды.



Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2018» музейлік конференциясы

Тақырыбы «Гиперкоммуникация дәуіріндегі музей: жаңа көзқарастар» болып белгіленген жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2018» ғылыми-практикалық конференциясы сәтті өтті. Бұл жылы Ресей мен Өзбекстан қатысушыларынан бөлек, конференцияға Өскемен, Павлодар, Ақтау - Қазақстан өңірлерінен көптеген музей мамандары қатысты. Жарқын бейнетаныстырылым ретінде Мәскеуден келген өнертану докторы Анна Шевцованың «Инстаграм-образ казахстанских музеев» баяндамасын атауға болады. Конференцияның қорытындысы бойынша музей ісі мамандарының, өнертанушылар мен мәдениеттанушылардың 28 мақаласы енген материалдар жинағы шығарылды.



Дөңгелек үстелдер – 8 (оның ішінде 2 халықаралық):

1. Президент Жолдауын алға жылжыту бойынша дөңгелек үстел– 17 қаңтар 2018 ж.
2. Дүниежүзілік фотография күніне арналған «Тұран» университетінің, Кино және телевидение академиясының өнертану профессоры,

- «Медеу» фотоклубының президенті В.Д Коренчуктың қатысуымен дөңгелек үстел – 19 тамыз.
3. Қазақстан Гете-институтының «Шекара» көрмесі бойынша шетелдік жетекшілердің қатысуымен дөңгелек үстел – 20 қыркүйек.
 4. Дамуында ерекшеліктері бар және балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған «Рухани Шабыт» қазақ дәстүрлі өнерінің фестивалі, «Рухани шабыт» фестивалінің қорытындысы бойынша дөңгелек үстел - 4 қазан
 5. «Суретшіні өнер нарығында алға жылжыту: тиімділікке заң аясында қалай қол жеткізуге болады» дөңгелек үстелі – 18 қазан.
 6. Тұңғыш Президент Қорымен бірлескен жас суретшілердің «ЖасStar» көрмесі аясында дөңгелек үстел – 19 қазан.
 7. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша халықаралық дөңгелек үстел (Қазақстанның Белгілі 50 суретшісі) – 19 қазан.



8. РФ Консулы И.В. Переверзеваның қатысуымен орыс балетінің 200-жылдығына арналған халықаралық қуыршақтар көрмесінің ашылуы бойынша халықаралық дөңгелек үстел – 1 қараша.

МУЗЕЙ ЖОБАЛАРЫ, КЕЛУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде, көптен бері музей көрермендерімен сүйікті болған әр түрлі шаралар өткізіліп тұрады.

Музей көрермендері тарапынан әлемдік және қазақстандық өнер тарихы бойынша дәрістер курсы – «Әсем Әлем» **Кіші өнер академиясы** үлкен сұранысқа ие. 2018 жылы көктемде ежелгіден бүгінге дейінгі әлемдік өнер топтамасы аяқталып, қыркүйектен бастап 2019 жылдың көктеміне дейін жалғасатын Қазақстан өнері бойынша дәрістер топтамасы басталды.

Музыкалық вернисаждың тұрақты аудиториясы қалыптасты. Музей экспозициясының аясындағы тақырыптық концерттердің өткізу форматы көрермендер тарапынан үлкен қызығушылыққа ие. Ағымдағы жылы әр қилы музыкалық стильдер мен жанрларды қамтыған Анна Антипина (фортепиано), Толқын Забирова (вокал), «Опералы Петербург» Елена Никонова мен Анастасия Кожухарова, Жәния Әубәкірова (фортепиано), Максим Зекини (Франциядан келген пианиношы), Құрманғазының 200-жылдығына арналған Рэн Эльхай бағдарламасы, Майя Сепп және Мұса Кәрімбаев, Алматы Әкімдігінің оркестрі және Абай атындағы МАОБТ, Талгат Полатов сияқты

бірқатар орындаушылардың шеберлігін таныстыратын 9 музыкалық вернисаж өткізілді.

Аудитория отбасылық «Сиқырлы шам» фестивалін қызығушылықпен

тамашалайды, шығармашылық шеберлік сабақтар топтамасы жылына 4 рет тұрақты түрде мектеп демалыстары кезінде музейдің фойесінде және экспозициялық кеңістіктерінде өтеді. Бұл шеберлік сабақтары сурет пен кескіндеме, дизайнерлік ойлау қабілетін дамыту және жеуге арналған



қант шәрбатымен сурет салуға үйрету, киіз басу мен ши тоқу, қышпен жұмыс істеу бойынша өтеді. Өнердің түрлері мен жанрлары бойынша кәсіби суретшілердің шеберлік сабақтары тұрақты өткізіліп тұрады. 2018 жылы 4 шеберлік сабағы өткізілді – 3 қазақстандық суретшілердің қатысуымен: натюрморт бойынша Нұржан Саутбековпен (24 ақпан), кескіндеме бойынша Мұхтар Сыздықовпен (8 сәуір), акварельден Ғани Баяновпен (12 сәуір, Қастеевтің музей-үйінде). Көрермендер тарапынан Санкт-Петербургтен келген Екатерина мен Константин Грачевтардың «Көкейкесті реализм» халықаралық шеберлік сабағы үлкен қызығушылыққа ие болды.

Тақырыптық шеберлік сабақтар мен тақырыптық экспозициялар топтамасы бар «Музейдегі Наурыз» мерекелік бағдарламасы көпшілік тарапынан сұранысқа ие формаға айналып үлгерді.

2018 жылы музейге 120 627 адам келді,
бірінші жартыжылдық бойынша – 64 218 адам,
екінші жартыжылдықта – 56 409 адам.



Келушілер көп келетін оқиғалардың бірі «Музей түні» болып табылады, 2018 жылы келушілер бойынша рекордтық көрсеткішке ие болды – бір ғана шараның аясында музейге 7 мыңнан астам адам келді. Іс-шара кеңінен таратылды – 20 аса баспа басылымдары мен 10 ТД-редакциялары.



2018 жылдың аса сұранысқа ие және ең көп тамашаланған көрмелердің қатарына жатады: С. Айтбаевтың және С. Мәмбеевтің мерейтойлық көрмелері, Кассельдегі (Германия) Ағайынды Гриммдер музейінің көрмесі, «Хант Слонемнің экзотикалық әлемі» (АҚШ), Вячеслав Люй-Конның «Түп-тамырға оралу», Гете-институттың «Шекара» көрмесі, авторлық қуыршақтардың көрмесі және басқалары.

Музейдің жобалары жастар шығармашылығын белсенді түрде қолдайды – музейде жас суретшілердің көрмелері өткізіліп тұрады. «Энергия. Жастық шақ. Өнер» халықаралық көрме-конкурсы ҚР Тұңғыш Президентінің қорымен қолдау тапты. Оның дайындығы жыл бойы жүргізілді, экспозиция 40 жасқа дейінгі кескіндемешілер, графиктер мен мүсіндердің басын қосты. Көрмеге каталог шығарылды.

Экскурсиялық-дәріс жұмысы музей қызметінің маңызды саласы болып табылады, ол әлемдік және қазақстандық өнерді, сондай-ақ музейдің бірегей коллекциясының қазынасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған. Насихат және экскурсиялық қызмет көрсету бөлімімен әр түрлі жас ерекшеліктеріне арналған музейлік бағдарламалар әзірленді. Соның ішінде – музей экспозициясы бойынша тақырыптық квесттер, шығармашылық арт-зертханалары мен шеберлік сабақтары.

Осы жыл бойынша:

Дәрістер – 59 («Әсем Әлем» КӨА)

Шеберлік сабақтары – 67

Экскурсиялар – 610

Квесттер – 11



БАҚ-пен ЖҰМЫС

Музей келушілері БАҚ-пен жұмыс жасауда әр түрлі жастарына қарамастан Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің белсенділігін танытуда, бұл музейдің баспасөз қызметінің еңбегі. Журналистермен белсенді ынтымақтастық, әлеуметтік желілерді жүргізу, музей сайтын тұрақты толықтырып отыру мен жаңарту көрермендерге

музейдегі оқиғаларды бірінші болып білуге мүмкіндік береді. Жыл ішінде музей туралы **2 000 астам ақпараттық жарияланымдар шықты.**

БАҚ-пен жұмыс келесідей ресурстарды қамтиды:

Телеарналар – Хабар, Хабар 24, KazakhTV, Қазақстан, Алматы, Мир, НТВ, Астана, СТВ, ХитТВ, НТК, Балапан, КТК, Қытай ТВ, Түрік ТВ.

Газеттер – Казахстанская правда, Егемен Қазақстан, Түркістан, Ана тілі, Айқын, Алматы Ақшамы, Вечерний Алматы, Деловой Казахстан, Литер, Курсив, Время, Экспресс К, Новое поколение, Аргументы и факты, Комсомольская правда, Караван, AstanaTimes, Женминь Жибао, New York Post, Deutsche Allgemeine Zeitung.

Журналдар – Простор, Мысль, Эксперт Казахстана, ЖерЖихан, Esquire, Harpers Bazaar, Vintage, Үркеp, Saga (Великобритания), Дорогой.

Ақпараттық агенттіктер мен порталдар: Tengrinews, Bnews, Kazinform, oner.kz, kazmuseum.kz, baq.kz, afisha.kz, sxodim.kz, arttube.ru, today.kz, InAlmaty.kz, total.kz және басқалар.

Радио – Радиоклассика, Қазақстан мен басқалары.



Музей әлеуметтік желілермен белсенді жұмыс жасайды – Facebook VK, Instagram, Twitter. Музейдің сайты үш тілде жұмыс істейді, ақпарат үнемі жаңартылып тұрады.

Бөлім музейдің сайтындағы үш тілдегі ақпаратты үнемі толықтырып, жаңартып отырады.



Баспасөз конференциялары мен баспасөз и турлары

№	Жобаның/ ұйымның атауы	Іс-шараның тақырыбы	Күні
1.	Баспасөз конференциясы	Қуыршақтардың «Періштелер уақыты» аукционалды көрмесі	10 қаңтар 2018 жыл
2.	Баспасөз туры	Қытай суретшісі Чжан Биюннің көрмесі	1 ақпан 2018 жыл
3.	Баспасөз конференциясы	Қытай суретшісі Чжан Биюннің көрмесі	1 ақпан 2018 жыл
4.	Баспасөз туры	«Тілдің күші халықтарды қалыптастырады. Ағайынды Гриммдердің өмірі мен шығармашылығы» көрмесі	14 наурыз 2018 жыл

5.	Баспасөз конференциясы Германия Елшісі Астанада, Германияның Бас консулы Алматыда	«Тілдің күші халықтарды қалыптастырады. Ағайынды Гриммдердің өмірі мен шығармашылығы» көрмесі	14 наурыз 2018 жыл
6.	Баспасөз туры	«Ұлы Жібек жолы» көйлектер көрмесі 	16 наурыз 2018 жыл
7.	Баспасөз конференциясы Франция, Швейцария, Бельгия және Марокконың Елшілері	«Ұлы Жібек жолы» көйлектер көрмесі	16 наурыз 2018 жыл
8.	Баспасөз туры	Вячеслав Люй-Коның «Түп-тамырға оралу» көрмесі 	25 мамыр 2018 жыл
9.	Баспасөз конференциясы	Вячеслав Люй-Коның «Түп-тамырға оралу» көрмесі	25 мамыр 2018 жыл
10.	Баспасөз туры	«Хант Слонемнің экзотикалық әлемі» көрмесі	1 маусым 2018 жыл
11.	Баспасөз конференциясы	«Хант Слонемнің экзотикалық әлемі» көрмесі	1 маусым 2018 жыл
12.	Баспасөз туры	Ә. Қастеев атындағы өнер музейінің Нью-Йорктегі көрмесі	18 маусым 2018 жыл
13.	Баспасөз конференциясы	Ә. Қастеев атындағы өнер музейінің Нью-Йорктегі көрмесі	18 маусым 2018 жыл
14.	Баспасөз туры	«Жаһандану әлеміндегі заманауи қазақстандық мәдениет» бағдарламасының аясындағы	15 қыркүйек 2018 жыл 11.00 – 12.30

		шетелдік БАҚ өкілдеріне арналған, ҚР СІМ қамқорлығымен	
15.	Баспасөз туры	Гете Институттың «Шекара» көрмесі	19 қыркүйек 2018 жыл

МУЗЕЙДІҢ КӨРМЕ ҚЫЗМЕТІ

Музейдегі көрме қызметін көрме және экспозиция бөлімі мен музейлік бөлімше ретінде жұмыс істейтін Орталық көрме залы жүзеге асырады.

2018 жыл бойынша музеймен және ОКЗ 63 көрме өткізілді, оның ішінде 18 халықаралық (ҚР МӨМ – 38, оның ішінде 14 халықаралық; ОКЗ –25, оның 4 халықаралық). Халықаралық жобаларда музей Германия, Израиль, Қытай, РФ, АҚШ, Франциямен ынтымақтастық орнатты.


№	Күндері	Көрменің атауы
1.	29.10.2017-07.01.2018.	Ұлыбританияның «Джамиль-4 сыйлығы» халықаралық көрмесі
2.	27.12.2017-28.10.2018.	«Айша Ғалымбаева. Суретшінің 100-жылдығына арналған». МӨМ қорынан
3.	01.02.2018.	Қытай суретшісі Чжан Биюннің «Бір белбеу, бір жол» халықаралық көрмесі
4.	14.12.2017-14.02.2018.	Петр Фролов пен Наталья Турдың (СПб) «Шыр көбелек» халықаралық көрмесі
5.	12.01.- 28.01.	Амангелді Кененбаевтың «Сұлу Төбе» көрмесі 
6.	02.02. – 23.02.	Рашид Құлбатыровтың «Шабьт» жеке көрмесі 
7.	07.02. – 09.09.	«18-19ғғ. белгісіз суретшілердің портреттері» көрмесі МӨМ қорынан
8.	09.02.-28.03.	Суретші Салихитдин Айтбаевтың туғанына 80 – жыл толуына орай көрме. МӨМ қорынан
9.	02.03-27.04.	«ағын бойымен / ағынға қарсы. Заманауи фотоинтервенциялар» халықаралық көрмесі, Германия


		
10.	09.03-31.03.	Суретші Айгүл Хакімжанованың «Кең даланың әсем сәулелері аясында» көрмесі
11.	14.03.-30.04.	«Тілдің күші халықтарды қалыптастырады» халықаралық көрмесі, Германия
12.	20.03-09.11.	Заманауи қолданбалы өнер көрмесі. Мәм қорынан
13.	17.03-25.04.	«Ұлы Жібек жолының Үлкен көйлектері» халықаралық көрмесі Франция-Қазақстан
14.	14.03-15.04.	Суретші Мұхтар Сыздықовтың «Алтын бесік – Туған жер» жеке көрмесі
15.	14.04.-25.04.	Суретші Ғалым Оспановтың «49 и 2» жеке көрмесі. Кескіндеме, натюрморт 
16.	11.05-11.06.	Халықаралық Музей күніне арналған Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қызметкерлерінің «Көктем нұры» көрмесі
17.	14.05-27.05.	Суретші Зейнеп Түсіпованың «Тіршілік жыры» көрмесі
18.	30.03.-30.04	Екатерина және Константин Грачевтардың «Көкейкесті реализм» (СПб) халықаралық көрмесі
19.	25.05-25.06	Суретші Вячеслав Люй-Конның «Түп-тамырға оралу» жеке көрмесі
20.	Апрель-декабрь	«Верный көшелерінен Алматы даңғылдарына» көрмесі. МӨМ қорынан
21.	01.06.- 31.07.	«Хант Слонемнің экзотикалық әлемі» халықаралық көрмесі, АҚШ
22.	11.05.- 30.05	«Пленэр» суретшілерінің халықаралық көрмесі

		
23.	02.06.- 30.06.	Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған балалар суреттерінің көрмесі
24.	12.06-12.07	Француздық суретші Леон Цейтлиннің «Диор Музасы» бір ғана туындысының халықаралық көрмесі
25.	04.09-25.09	Суретші-дизайнер Аркен Зульфикаровтің «Кескіндеме және графика» көрмесі
26.	22.08-16.09	Оралбек Қабөкенің «Біртұтас» көрмесі 
27.	23.08-14.09	Дмитрий Шориннің «SCARLET» (СПБ) халықаралық көрмесі
28.	19.09-16.10	Гёте –Институттың «Шекара» халықаралық көрмесі
29.	20.09-14.10	Суретші Арсен Даутбаевтың «Сезіну және толықтай жүзеге асыру дұрыс... Поль Сезанн» көрмесі
30.	21.09-08.10	Н.Назарбаевтың Білім қорымен Астананың 20-жылдығына арналған «Бейбітшілік пен Адалдық симфониясы» балалар көрмесі 
31.	02.10-28.10	Гуля Громованың (Өзбекстан) «Тепе-теңдіктегі ойын» халықаралық жеке көрмесі
32.	01.11-11.11	Қуыршақтардың «Өрқашан бірге» халықаралық көрмесі (РФ Елшілігімен бірлесіп)
33.	23.10-27.11	«Энергия. Жастық шақ. Өнер» халықаралық көрме-

		конкурсы
34.	09.11-03.12	«Толғау» көрмесі - Лейла Ахмет-Османнның гобелендері мен Нұрдос Әлиасқаровтың зергерлік өнері 
35.	29.11-31.12	Сұлтан Иляевтің «Мәңгілік таңбалары» көрмесі (Шымкент)
36.	05.12-05.01.2019	Қазақстанның Халық суретшісі Сабыр Мәмбеевтің «Ғұмырлық шығармашылық» мерейтойлық көрмесі
37.	07.12-20.01. 2019	Суретші Алексей Уткиннің «Мен осындай әр қилымын» көрмесі, автордың 70-жылдығына арналған 
38.	07.12.-07.01.2019	Рауза Ералиеваның «Мен - Әлемнің бір бөлшегімін» көрмесі

Орталық көрме залының көрмелері

39.	10.01- 31.01	Аутизм дертті екі жас суретші Алан Мұхитдинов пен Әлібек Қаратайдың «Екі әлем» көрмесі – музейдің әлеуметтік жобасы 
40.	14.01- 28.01	Науқас балаларға көмек ретінде халықаралық қайырымдылық жобасы – «Періштелер уақыты» сатылым-көрмесі
41.	01.03-31.05	«Жаралы жүректер музейі» жоба-көрмесі
42.	30.03-20.04	«Жек көруден махаббатқа дейін». Зитаблдың көрмесі (Зитта Сұлтанбаева мен Абликим Ақмуллаевтың дуэті)

		
43.	24.04 - 30.04	Гимназия № 46
44.	10.05-10.08	«Зерек» шығармашылық орталығы Ресей суретшілерінің халықаралық көрмесі
45.	14.05-20.05	«Израиль Қазақстан фотошеберлерінің көзімен» халықаралық көрмесі
46.	24.05- 12.05	Юзефа Кульевскаяның жеке көрмесі
47.	05.06 – 26.06	«Бисерное искусство» бейнелеу өнері студиясының көрмесі
48.	20.06 – 03.07	«Ұмай» мектебі. Көрме
49.	20.06 -20.08	«Индиго» бейнелеу өнері студиясының ересектер тобы
50.	10.07-23.07	«Шекарасыз өнер» топтық көрмесі
51.	11.08-11.11	«Зерек» шығармашылық орталығы Ресей суретшілері туындыларының көрмесі
52.	15.08-30.08	Мүсін. Конкурс
53.	20.08-15.09	Арбатфест. Ж. Мұсаеваның шығармашылық тобы
54.	20.08-15.09	АРБАТФЕСТ жобасы
55.	5.09 – 05.10	ҚР СО - есеп беру көрмесі
56.	01.10-31.10	Қазіргі заман суретшілерінің кескіндемелік жұмыстарының көрмесі
57.	10.10-10.11	«Вечерний Алматы» газетінің мерейтойына арналған газетте жарық көрген фотожұмыстар көрмесі
58.	12.10-11.11	Л.Дроздова мен Игорьь Гущиннің көрмесі
59.	11.11-31.12	«Зерек» шығармашылық орталығы Ресей суретшілері туындыларының көрмесі
60.	20.11-30.11	«Рафаэль» шығармашылық студиясы
61.	26.11-30.11	Өнер мектебі
62.	05.12- 30.12	Александр Беловтың жеке көрмесі
63.	12.12-23.12	Халықаралық көрме «QWAS из Швейцарии»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

2018 жылы Ә. Қастеев ат. ҚР Мемлекеттік өнер музейінде бірқатар маңызды халықаралық жобалар жүзеге асты, солардың ішінде көшпелі көрмелер, музей алаңындағы шет елдік көрмелер, ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер бар.

1. 2018 жылғы ең маңызды жобалардың ішінен АҚШ-та (маусым-шілде 2018) және Түркияда (қараша-желтоқсан) өткен екі көрмені атап өткен жөн. Жобалар Қазақстан мәдениетін әлемдік кеңістікке ілгері бастырудағы практикалық қадам болып табылады және Қазақстан Президентінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылған басты идеяларға үндес келеді.
2. Музей Пекин Ұлттық музейі құрған Халықаралық музейлер альянсы мен Жібек жолы галереясының құрамына кірді. Директор Г. Шалабаева Альянс Форумына қатысты, онда баяндама жасап, ынтымақтастық ниетін қуаттады.
3. ТҮРКСОЙ-мен ынтымақтастық туралы меморандумға салтанатты түрде қол қойылды – 10 тамыз.
4. Оңтүстік Кореяның Сувон қаласында «Еуразиялық утопия: Post Scriptum» атты Қазақстан өнерінің халықаралық көрмесінің ашылуына барды, 26 қараша 2018.
5. Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ музей қорынан АҚШ-қа, Түркияға, Кореяға, Германияға, Ұлыбританияға халықаралық көшпелі көрмелерге жұмыстарын апарып, көрерменге ұсынды.
6. Қазақстан бейнелеу өнері бөлімінің жетекшісі М.М. Мамытова шетелдік ғылыми тағлымдамадан өтті – «Museum in the 21st Century» (Музей в XXI веке), London School of Business and Finance, Лондон, 25 қыркүйек – 25 қараша.
7. Жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2018» ғылыми-практикалық конференциясы шетелдік әріптестердің қатысуымен өтетіндіктен, бірнеше жылдан бері халықаралық дәрежеге қол жеткізді. 2018 жылы оған Ресей (А. Шевцова) және Өзбекстан (Н. Ахмедова) ғалымдары қатысты.
8. Музей 2018 жылы 18 халықаралық көрме өткізді.

МУЗЕЙДІҢ КАДР САЯСАТЫ

Ә. Қастеев ат. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер музейінің жалпы штат саны 185 штаттық бірлікті құрайды. Музей қызметкерлері жұмысқа Бірегей тарифтік-біліктілік анықтаманың біліктілік талаптарына сәйкес қабылданады.

Музей қызметкерлерінің ішінде:

Ғылым кандидаттары – 4;

Философия ғылымдарының докторы – 1, PhD докторы – 1;

Өнертану магистрлары – 11.

Музей өз қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттырумен ұдайы жұмыс атқарып келеді. ҚР Мәдениет министрлігі мен Білім және Ғылым министрлігіне музей қызметкерлері магистратураға түсу үшін жеңілдік беруін сұрап бірнеше рет хат жазып, өтініш жібердік. Осындай күш салудың нәтижесінде Алматы ЖОО бюджеттік бөліміне үш музей қызметкері магистратураға оқуға түсті.

Тағылымдама – 2

Музей есебінен Қазақстан ішіндегі іссапарлар – 35.

Қызметкерлердің шет елдерге іссапарлары – 16.

Музей базасында Т. Жүргенов ат. ҚазҰӨА, СПбГУП студенттерінің оқу-өндірістік және диплом алдындағы практикасы өткізіледі.

Біздің музей қызметкерлері тағлымдама, практика, дәріс өткізеді және Қазақстанның басқа музейлерінің мамандарын өз кәсібіне үйретеді, біздің музейге іссапарға жіберілген мұндай мамандар саны, жалпы алғанда – 22.



ДЕМЕУШІЛЕРМЕН, МЕЦЕНАТТАРМЕН ЖҰМЫС

Музейлік жаңғырту шеңбері аясында музей көрермендер аудиториясын кеңейтумен де, бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін тартумен де белсене жұмыс істейді.


Қосымша қаражат тарту жұмысы, соның ішінде 2015 жылы құрылған Музейдің Қамқорлық кеңесінің арқасында жалғасып келеді. 2018 жылғы басты оқиғалардың ішінде каталогтардың шығуы, ірі халықаралық көрмелер, музей коллекциясына құнды заттардың келіп түсуі демеушілер мен меценаттардың көмегімен жүзеге асты.

28 қарашада таныстырылымы болған Қазақстан кескіндемесінің II томының жарыққа шығуы 2018 жылғы еңбектің басты нәтижесі болды. Бұл жобаны қолдаған, музеймен бірнеше жыл қатарынан ойдағыдай бірлесе еңбек етіп келе жатқан Қазақстандағы KPMG компаниясы.

EY компаниясы (Ernst & Young) да – музей жобаларын жүзеге асыруға ықпалын тигізіп келе жатқан Қамқоршылық кеңестің тұрақты мүшесі.

Түрлі саладағы бизнес-компаниялар да – Нұрлан Смағұлов пен «Astana-Motors» компаниясы, Максим Ткаченконың басқаруындағы «Бон Арт» аукцион үйі және т.б. да көмектерін аямайды. Нақты жеңілдіктері бар мүшелік билет алып, музейге демеушілік жасауға ынталы, өнерді құрмет тұтатын белгілі ортаны құрайтын **Музей достарының клубы** өз жұмысын жалғастыруда.

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі музейге келушілер арасында сұранысқа ие болған өзінің кәдесый өнімдерін шығарып келеді.



Музей сервисінде мынадай түрлі техникалық жабдықтар молынан пайдаланылады:

1. Бес тілді – қазақ, орыс, ағылшын, қытай және француз тілдеріндегі полилингвалды мобильдік аудиогидтер жұмыс істеп тұр.
2. Музей залдарындағы онлайн-тур izi.travel сайтында қол жетімді – тегін мобильдік аудиогид әлемдік ірі музейлердің коллекциялары мен экспозицияларына виртуалдық қол жетімділікке жол ашады.
3. Экспозициядағы QR-код-тар смартфондардағы мобильдік қосымшалардың көмегімен экспонаттар жайлы ақпарат (визуалдық, мәтіндік) алуына мүмкіндік береді.
4. Музей экспозициясы, музейдегі тұрақты және уақытша көрмелер, музей коллекциясы жайлы жалпы ақпаратқа бағыт жасайтын ақпараттық мультимедиалық дүңгіршек іске қосылды.
5. Музей фойесінде тегін Wi-Fi орнатылған.
6. Музей қызметімен ақшасыз есеп айырысатын (банкілік карта) электрондық POS-терминал жұмыс қойылды.
7. Музейге tiketon.kz интернет-порталы арқылы электрондық билет сатылады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

18 қыркүйекте басталған даму ерекшелігі бар жандар мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне арналған «**Рухани Шабыт**» дәстүрлі қазақ өнері фестивалі музейдің 2018 жылғы ірі жобасы болып саналады. Жобаға демеушілік жасаған – ҚР Тұңғыш Президентінің қоры. Фестивальдың мақсаты – балалар мен жасөспірімдерді қазақтың халықтық өнерінің түр-түрімен таныстыру, өздерінің жеке шығармашылық әлеуетін ашу. Бағдарламаға қазақтың дәстүрлі өнерінің негізгі түрлері бойынша шеберлік сабақтары, сәндік-қолданбалы өнер өалдарына экскурсиялар, қазақ және орыс тілдеріндегі лекциялар кірді. Фестиваль шеңберінде «Шектеусіз мүмкіндіктер» әлеуметтік трилогиясының бірінші бөлімі «Бар болу немесе жоқ болу» көркемсуретті фильмі көрсетілді. Фильмге фестивальдың нашар көретін және нашар еститін қатысушыларына арналған сурдоаудармасы, тифлотүсіндірмесі бірге ілесе жүреді.

4 қазанда дөңгелек стол болып, онда музей мен дамуында ерекшелігі жандар мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін сауықтырумен айналысатын ұйымдардың болашақтағы ынтымақтастығына байланысты өзекті мәселелер талқыланды.



2018 ж. қаңтар айында ОКЗ-да өткен аутизм дертті екі жас суретшінің көрмесі де – әлеуметтік жоба. «Екі әлем» көрмесі даму ерекшелігі бар жасөспірімдегі әлеуметтендіру мәселесіндегі маңызды қадам болып есептеледі.

Міне, осымен екінші жыл Орталық көрме залында РФ Бас Консулдығының қолдауымен «Періштелер уақыты» атты авторлық қуыршақтар көрмесі өткізілді. Оның қорытындысы бойынша қауырымдылық аукционы өткізіліп, одан түскен қаражат муковисцидоз дертіне шалдыққан балаларға аударылды.

ҚАСТЕЕВТИҢ МУЗЕЙ-ҮЙІ

Қазақстан бейнелеу өнері кәсіби мектебінің негізін қалаушылардың бірі Ә. Қастеевтің музей-үйі – Ә. Қастеев ат. Мемлекеттік өнер музейінің бір бөлімшесі. Музей-үйдің басты міндеті – қылқалам шеберінің шығармашылық мұрасын сақтап, насихаттау. Музей-үйдің қызметі экскурсия жүргізіп, келушілермен жұмыс жүргізу арқылы Қазақстанның халық суретшісінің шығармашылығын әйгілеп, сақтау. Музей-үйдің ғылыми қызметкері Гүлдария Қастеева дәріптеу жұмысынан басқа әкесінің шығармашылығын зерттеп, ілгері жылжыту жөнінде ғылыми жұмыстарға қатысады.

Ақпараттық технология және баспа жұмыстары бөлімі

Бөлім қызметкерлерінің міндетіне барлық негізгі баспа өнімдерінің, көрме афишаларының, шақыру билеттерінің, буклеттердің дизайнын және аннотацияларды әзірлеп, шығару кіреді. Әрбір көрмеге қатысқаны үшін суретшіге берілетін сертификатты осы бөлім дайындайды.

Музейден шығатын кәдесый өнімдері дүкенін толтырып-толықтыру да – осы бөлімнің үлесі.

Қазақ тіліне кәсіби аударманы бөлім қызметкерлері атқарады.

Бөлім «Қастеев оқулары-2018» конференциясы материалдарының жинағын әзірлеп, беттеуге және басып шығаруға ат салысты, және конференцияға бүкіл ілеспе материалдар – бағдарлама, бедждер мен ламинация және т.б. әзірледі. Бірқатар іс-шараларды техникалық сүйемелдеу бөлім көмегі арқылы жүзеге асырылады.

Бөлім қызметкерлері 2018 ж. 14 қарашасында өткен латын әліпбиіндегі Жалпыұлттық диктантқа қатысып қана қоймай, оны әзірлеп, өткізді.

Музей алдында тұрған LED-экран-дағы музейде болып жатқан оқиғалар жайлы ақпараттарды ұдайы жаңартып отыру да – осы бөлімнің міндеті.

Инженерлік-техникалық қызмет және шаруашылық бөлімі
Музейдің инженерлік-техникалық қызметі жыл бойына түрлі шараларды атқарды, оның ішінде:

- Музейді электр қуатымен, жылумен және сумен және басқа қызметтермен қамтамасыз ету мақсатында барлық коммуналдық кәсіпорындармен (Энергосбыт, Бастау, ТоспаСу, Жылу жүйесі және т.б.) келісімшартқа отырды.
- Апатты жағдайлар үшін орнатылған дизельдік генераторға профилактикалық бақылау жүргізілді, оның двигателенің майы мен сүзгісі ауыстырылды.
- Қор сақтау залдарында, кітапхана мен реставраторлардың бөлмесінде ай сайын сүзгі ауыстырылып тұрады.
- Ә. Қастеев музей-үйі мен ОКЗ-дағы жылу жүйесіндегі вентильдер мен арматураларды және элеваторды жаңартып, қалпына келтіру жұмысы жүргізілді.
- Музейлерде қысқы жылу маусымына дайындық жұмыстары жүргізіліп, барлық музейлер ресми түрде дер кезінде жылу жүйесіне қосылды.
- Ай сайын кондиционерлердегі сүзгілер ауыстырылады.
- Жоспар бойынша (тоқсан сайын) кондиция және вентиляция жүйесіндегі уақтылы профилактикалық, жөндеу және майлау жұмыстары атқарылды.
- Музейдің машина залын қысқы маусымға дайындау мақсатында музей аумағында, ғимарат төбесінде орналасқан ауа тартқыштың жоғарғы және төменгі шахталарын жабу жұмыстары жүргізілді.
- Тоңазытқыш жабдықтың жазғы уақытта дұрыс және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оларға диагностикалық тексеру жасалды, фреон деңгейі тексерілді, сүзгілер ауыстырылды және басқа да профилактикалық жұмыстар атқарылды.
- Тоңазытқыш құрылғыдағы суды айдайтын бір насостың істен шығына байланысты запас бөлшектер сатылып алынып, оларды ауыстыруға байланысты қажетті жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Жазғы маусым өткен соң тоңазытқыш құрылғыны толықтай ажыратып, консервациялап, тоқтату жұмыстары жүргізілді.
- Видеобақылау, күзеттік дабыл жүйесі және операторлық қызмет бойынша профилактикалық жұмыстар жасалды.
- Күзгі-қысқы маусымға дайындық бойынша бақылау-өлшеу приборларына жыл сайынға тексеру жасалды.
- Қ. Сәтбаев көшесі жағынан аулада орналастырылған экспонаттарған видеобақылау жасауға төрт көше камерасы орнатылды.
- Құрамында сынап бар 400-дей электр шамы өткізілді.
- Музейдің сыртын және ішін косметикалық әрлеу-бояу жұмыстары жүргізілді.

- Ағындық жабдықтардың күштік қондырғыларының үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету үшін запас бқөлшектер мен материалдар сатылып алынды. Мысалы, барлық кондиционерлер мен қайта айналым үшін сапалы белдіктер сатылып алынып, ауыстырылды, автоматика жүйесінде «фазанф бақылау» релесі ауыстырылды. Мұндай шаралардың нәтижесінде қазіргі кезде барлық жабдықтар өз жұмыстарын ойдағыдай ақаусыз атқарып тұр.
- Гимараттың сәулеттік жарықтандыру прожекторы жөнделді – 5 дана.
- Бекітілген график бойынша машина залдарында орнатылған жабдықтарды тазалау, сыпыру және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.
- Төтенше және өрт қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін музейдің электр қуатын (ГРЩ-1, РЩ-2,3,4) тарататын негізгі қалқандарға тоқсан сайын бақылау және профилактикалық жұмыстар жүргізіліп тұрады.
- Жұмыскерлердің (электриктердің) біліктілігі мен қауіпсіздік техникасы ережелері бойынша білімдері жыл сайын тексеріліп, емтихан алынады.
- Инженерлік-техникалық қызметке жұмысына қажет материалдар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру үшін ұдайы бағалық және коммерциялық ұсыныстар іздестіріледі.
- Экспозиция залдарында көрмелердің жоғары деңгейде өтуі үшін инженерлік-техникалық қызмет жұмыскерлері жұмысты жедел атқарып, залдардың дұрыс жарықтандырылуын, температуралық режим мен қажетті ылғалдық деңгейінің сақталуын қадағалайды.
- ОКЗ-ның астыңғы қабатында көрмелер мен түрлі шараларды өткізу мақсатында инженерлік-техникалық қызмет электромонтаж жұмыстарын жүргізіп, бағыттаушы сәнді шамдар, розеткалар, электр қалқандарын орнатты.
- Инженерлік-техникалық қызмет жұмыскерлері музей аумағын тазалау мен жинау, шара өткізу үшін орындықтар мен столдар тасу, жазғы маусымда газондар мен шөп шөп кесу, қысқы маусымда музей аумағы мен шатырды қардан тазалау жұмыстарына белсене ат салысады.
- Суғару жүйесі қысқы маусымға үрленіп тазаланды. Музейді жаңа жылдық жарықтандыру үшін жабдықтар сатылып алынып, тексерілді.
- Орталық көрме залы мен Ә. Қастеевтің мұражай-үйінде су өлшегіш құралдар ауыстырылды.
- Музейдің кәдесый дүңгіршегі қайта жасалды.
- Мүсін саябағында жаңа объектілерді орнату бойынша техникалық жұмыстар жүргізілді.
- Жолаушылар лифті жөндеуден өтті.
- Орыс өнері залына нүктелі жарықтандыру орнатылды
- Жылу жүйесінің вентиляция тармағы бойынша калорифер жөнделді.
- Шығыс топтың тіреулерінің тас қаптаулары жөндеуден өтті.
- Үшінші қабаттағы айналма галереяға кондиционерлер орнатылды.
- Автоматтандырылған газды өрт сөндіру жүйесін орнату жұмыстары жалғасуда.

